


АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕ!

Денсаулық

18 НАУРЫЗ
2016 ЖЫЛ!
№3 (38)



ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ЖАРНАМАЛЫҚ БАСЫЛЫМЫ

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құпты болсын!

Дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан бері тойланып келе жатқан көне мейрамдардың бірі – Наурыз мерекесі. Әр халықтың наурыз мерекесін тойлау дәстүрі де өзіндік ерекшеліктерімен әр түрлі болып келеді. Тарихи тамыры тереңге бойлаған әз-Наурыз мерекесі біздің дана халқымыз үшін қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі, сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып саналған. Наурыз айында табиғат ана аса құлпырып, тіршілік атаулы ерекше күйге бөленеді. Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы, яғни қазіргі күнтізбе бойынша наурыздың 22-і күн мен түннің теңелуіне сәйкес келеді. «Наурыз» сөзінің өзі парсы тілінде «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан болар, бұл мерекені бәріміз де асыға күтеміз. Наурыз - жыл басы. Бұл мереке еліміздің барлық өңірлерінде ерекше тойланады. Наурыз мерекесінде наурыз көжелер таратылып, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз қайта жаңғырып, балуандар белдесіп, алтыбақан ойынылып, қыз қуу, арқан тарту, тоғызқұмалақ секілді ұлттық ойындар көрініс тауып жатады. Бұл күні адамдар бір-бірімен төс қағыстырады, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап түрлі дақылдардан дайындалған наурыз көжеден дәм татуға шақырады. Ертеректе ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқанның басына жинап, дәм таттырып, табыстырып отырған. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын болған. Киіз үйлер тігіліп, ән-жырдан шашу шашылып, би билеп, онан әрі ақындар айтысымен ұштасып, қазақша күрес, ат жарысы секілді ұлттық ойындарға ұласқан. Түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Наурыз мерекесі елімізде кең көлемде тойланып келеді. Жыл өткен сайын салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, өшкеніміз жаңарып, жоғалтқанымыз қайта оралуда. Сондықтан Наурыз мерекесі - өзінің салтына сәйкес біздің әрбірімізді өткен жылғы өкпемізді ұмыттырып, татуластыратын мереке! Олай болса, көктем мен жаңаруды айшықтап ел мерейін тасытар Ұлы мереке, Наурыз мерекесі елімізге құт-береке, ырыс, несібе сыйласын! Тәуелсіз Қазақстанымыздың

болашағы жарқын, келешегі кемел бола бергей! Бейбітшіліктің бесігінде тербеліп, халқымыздың әл-ауқаты артып, мемлекеттігіміз нығайып, қазақ елінің жұлдызы жарқырап, биік белестерді бағындыра берсін! Жыл басы - Наурыз ел-жұртымызды аман етіп, толағай табыстарға бастасын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын!



Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі және бірегейі саналар халық денсаулығы қашанда мемлекет назарынан тыс қалған емес. Өйткені, Елбасымыз айтқандай, ұлт денсаулығын нығайту – табысты болашағымыздың негізі! Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсу. Реформалар. Даму» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында тәуелсіздік жылдарындағы қол жеткізген толағай табыстарымыз бен бағындырылған биіктерді, мемлекетіміздің баянды болашағын қалыптастыру жолындағы жарқын жетістіктерімізді айта келе, бәрімізге алдағы жылдары атқарылар жаңа міндеттерді жүктеді. Елбасымыздың бастамасымен дер кезінде қолға алынып жатқан нақты жоспарлар арқасында еліміз небір қиын кезеңдерден, сындарлы сынақтардан сүрінбей өтіп, Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан қалыптасты. Аз ғана уақыт ішінде замана көшімен бірге заңғар биіктер мен тағдыр талқысындағы талай тарихи белестерді бағындырдық. Әлем халқына танылып қана қоймай, бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына ендік. Біздің мемлекетіміз Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиялық жо-

Соңғы жылдары медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және іс-тәжірибе алмасуларға баса назар аударылуда. Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының Ұлттық орталығының мамандары ауданға келіп, сала дәрігерлері мен орта буын медицина қызметкерлері арасында мастер-кларстер өткізсе, Н.Сызғанов атындағы хирургия Ұлттық ғылыми орталығы мен Алматы қаласындағы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының білікті мамандары келіп, хирургия саласы бойынша күрделі мәселелер төңірегінде дәрістер өткізіп қайтты. Ауданда ана мен бала денсаулығын қорғау мәселесі бойынша да жедел шаралар қолға алынды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде соңғы үш жылдың көлемінде аудан бойынша ана өлімі тіркелген жоқ. Үй жағдайында қайтыс болатын сәбилердің өлім-жітімін болдырмау мақсатында өткен жылы аудан бойынша 124 микрораймақ құрылып, 124 мейрбике күнделікті көше аралау жұмыстарын тұрақты жүргізуде, бұл жұмыстар жіті қадағалауға алынды. Бұл бөлінген жауапты мамандар сол отбасының барлық проблемалық мәселелерімен айналысуда. Сондықтан патронаждық

қызметтің пилоттық жобасы біздің ауданымызға енгізілуде. Төменарық, Талап, Қырқеңсе, Қандөз елдімекендерінде дені сау бала бөлмесі мен ресурстық орталықтар ашылып, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілді.

Біріңғай Ұлттық
Денсаулық сақтау
жүйесі аясында тәуліктік

ҰЛТ ЖОСПАРЫ – 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

спарымен Мәңгілік елге айналуды межелі алдына мақсат етіп қойды. Елбасымыздың жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап ретінде жария еткен «Ұлт жоспары - 100 нақты қадам» бағдарламасы - ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі нақты жоспары.

Дәл осы Ұлт жоспарының 80-қадамында: Міндетті медициналық сақтандыруды енгізуді, алғашқы медициналық-санитариялық көмекті басымдықпен қаржыландыруды, бастапқы көмек арудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналуы қажет екендігін атап көрсетсе, 81-қадамында: Жекеменшік медицинаны дамыту, медициналық мекемелерге корпоративтік басқаруды енгізу мәселелерін тапсырып отыр.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011- 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында халық денсаулығын жақсарту жолында көптеген игі шаралар атқарылды. Емдеу және алдын алу ұйымдарының материалдық базалары нығайтылып, әлемдік озық тәжірибелер қолданысқа енгізіліп, медициналық қызмет сапасын арттыру, профилактикалық медицинаны дамыту, ана мен бала денсаулығын қорғау бағытында кешенді шаралар жүзеге асырылды. Жаңақорған ауданының денсаулық сақтау саласы бойынша «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Жайылма, Қыраш, Қосүйеңкі, Кеңес, Құттықожа елді мекендерінде фельдшерлік акушерлік бекеттер салынып халыққа қызмет көрсетіп келеді. Бүгінгі таңда ауданға қарасты елді мекендер 100 пайыз денсаулық нысандарымен толық қамтылып отыр. Сонымен қатар 2014 жылдың желтоқсанында аудан орталығында 250 науқасты қабылдауға арналған жаңа типтік жобадағы емхана құрылысы басталса, өткен жылы Түгіскен ауылында дәрігерлік амбулатория құрылысы басталды. Төменарық елді мекенінде 40 төсекке арналған ауылдық аурухана құрылысының жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, құзырлы органдарға ұсыныстар жолданды. Емдеу ұйымдарының материалдық базасын нығайту мақсатында «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде соңғы жылдары Жаңақорған ауданына 20 дана жедел жәрдем автокөліктері мен санитарлық уаз автокөліктері, т.б көптеген қажетті аппараттар мен медициналық құрал жабдықтар алынды. Аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекен тұрғындары 2011 жылдан бастап жылжымалы медициналық кешен қызметін тұрақты пайдаланып келеді. Өткен жылдың өзінде Шиелі, Жаңақорған аудандары бойынша 53181 тұрғын осы жылжымалы медициналық кешен қызметін пайдаланды. Аудан тұрғындары диагностика мен емдеудің инновациялық мобильдік технологияларын, яғни санитарлық авиация, телемедицина арқылы мамандандырылған көмектер алууда. Телемедицина қызметінің жыл өткен сайын қажеттілігі артуда. Оның айғағы 2014 жылы 61 рет телемедицина көмегі пайдаланылса, 2015 жылы осы телемедицина арқылы 175 телеконсультациялар мен телеконференциялар өткізілген. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде алғашқы медико-санитарлық көмекті жетілдіруге, медициналық қымбат сапасын арттыруға, медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, бір сөзбен айтқанда нысаналы межелі индикаторлық көрсеткіштерге қол жеткізілді.



стационарлық қызмет оңтайландырылып, бастапқы медико-санитарлық қызметке басымдықтар берілуде. Жаңақорған ауданында туу көрсеткіші жоғары болғандықтан 2016 жылдың 1 сәуірінен аудандық перзентхана бөлімін босанды қамтамасыз етудің II деңгейіне жоғарылату жоспарлануда. Аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекендердегі емдеу ұйымдарына баратын жолдарды жөндеуге қаржылар бөлініп, аудандық маңыздағы ауыларалық жолдар ағымдағы жөндеуден өткізілді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту іс-шаралар жоспарын іске асыру бағдарламасына сәйкес облыстық және республикалық бюджеттен тиісті қаржылар бөлінді.

Сондай-ақ ауданда түберкулез ауруының алдын алу және түберкулезбен ауырған науқастарды сауықтыру шаралары да өз деңгейінде жүргізіліп жатыр. Түберкулез ауруы бойынша қайтыс болғандар жоқ. Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен аудан әкімдігі арасында 2016-2018 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласындағы қызметтің мақсатты көрсеткіштеріне және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу туралы меморандум әзірленді. Осы жылдан бастап қолданысқа енген 2016-2020 жылдарға арналған Денсаулық мемлекеттік бағдарламасы аясында медициналық білімді жетілдіру, тәжірибелік базаны нығайту, медициналық-санитариялық алғашқы көмек жүйесінде жұмысқа ынталандыруды күшейту, амбулаториялық-емханалық және стационарлық қызметтер арасында мамандар бөлудегі теңсіздікті жою қамтылғалы отыр. Бұл бағдарлама сырқаттанушылықты басқару жүйесін енгізу, аурудың алдын алу, ерте анықтау және емдеуді қарастыратын медициналық көмек көрсетудің бірегей жүйесіне негізделген. Сондай-ақ денсаулық сақтаудың кадрлық әлеуетін дамыту, мамандарды қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесі жаңғыртылмақ. 2017 жылдан бастап әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі кезең-кезеңімен енгізілгені отыр. Осы міндеттерді іске асыруда бірлесіп жұмыс жасай беретін боламыз. Өйткені, мұның бәрі халық денсаулығын жақсарту мақсатында қабылданатын жатқан игі шаралар.

Елбасымыз айтқандай, XXI ғасыр – Қазақстанның алтын ғасыры болмақ! Осы жолда біріліміз мызғамыз Тәуелсіздігімізді баянда ету жолында баршамаз да лайықты үлес қосып, халық денсаулығын нығайту жолында міндеттерімізді мінсіз атқарып, медициналық қызмет сапасын арттыру мақсатында қалтқысыз қызмет ете берейік!

ЫСҚАҚОВ САУЛЕБЕК ЕСХОЖАҰЛЫ,
аудандық орталық аурухана бас дәрігері.



Арулар – аяулылар, ардақтылар, өмірдің жылуы бол қалмақ бұлар. Арулар – тіршілікке күре тамыр, өмірді бір-біріне жалғап тұрар, - деп ақын ақын Мұқағали Мақатаев ағамыз жырлағандай, әйел - тіршіліктің түп қазығы, өмірдің өзегі, ыстық ықылас пен мейірімнің, пактілік пен тазалықтың қайнар бастауы. Бүгінде дамудың даңғыл белесіне көтеріліп, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына еніп әлем халқына танылған Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағы мен ел мерейінің үстем болуында да қашанда нәзік жандылардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аудандық емхананың мәжіліс залында «Арулар, асыл жандар!» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Мерекесіне қарсаңында сала жұмысында ерекше еңбегімен көзге

түсіп жүрген көптеген нәзік жандылар түрлі деңгейдегі марапаттарға ұсынылды. 8 наурыз мерекесіне орай физ. кабинет мейрбикесі К.Елеғенова, аурухана медстатистігі М.Балабекова, трансфузиология бөлімінің тазалықшысы А.Мусаева және зертханашы Г.Калкузовалар аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының Алғыс хатына М.Досалиева, Қ.Мекебаева, Д.Оспановалар ие болды. Сондай-ақ аудандық орталық аурухана есепшісі Қ.Мамырова, жалпы тәжірибелік дәрігер Г.Ахметова, дәрігер-терапевт М.Абдулина, бас есепші М.Сатыбалдиева, мейрбикелер Н.Омарова мен Б.Тойымова және басқа да бір топ сала қызметкерлері аудандық орталық аурухана бас дәрігері мен кәсіподақ ұйымының Алғыс хатымен марапатталды. Мерекелік кеш әрі қарай аудан өнерпаздарының концертіне ұласты.

24 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТУБЕРКУЛЕЗБЕН КҮРЕС КҮНІ.

ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ? ТУБЕРКУЛЕЗ ЖАҒЫНДА БАРПЫҒЫ БІЛУ КЕРЕК!



Бұрын «құрт ауруы» деп аталған туберкулез қаншама адам өмірін қиды! Оның салдарынан қыршын кеткен адам саны соғыстың әсерінен қаза болған адам санынан көп десе де болады. Шоқан Уәлиханов, Чехов, Шопен, Байрон сияқты ұлы адамдардың өмірін әкеткен бұл ауру қаншама мемлекет үшін қауіпті дерт атанды. Алайда бүгінгі күні де туберкулез – әлем бойынша кең тараған ауру. Және де адамзат денсаулығына үлкен қауіп-қатер төндіруде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарының мәліметі бойынша, бұл дерт шектен шығуда. «Әлем бойынша өте қиын жағдай тудырып отырған» туберкулез проблемасы ең өзекті және ғаламдық мәселелердің бірі, өйткені:

- Жыл сайын әлемде:
- 2 миллионға жуық адам туберкулез дертінен қаза табады – туберкулез микобактериялары басқа да жұқпалы ауру қоздырғыштарына қарағанда адам өміріне аса қауіпті;
- туберкулездің барлық формаларымен 10-20 миллион адам ауырады;
- шамамен жер шарының 1/3 тұрғындары, шамамен (ТМ)=2 миллиард, туберкулездің микобактерияларын жұқтырған;
- ауруды жұқтырғандардың шамамен 10 % өз өмірінде туберкулездің бір формасымен ауырады.
- туберкулезбен ауырғандардың 75% - жастар және еңбекке жарамды жастағы адамдар (15-40 жас). Бұл өз кезегінде мемлекет экономикасына кері әсер етеді

Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайдың ауырлығына байланысты Қазақстан үшін бұл проблема өте өзекті болып табылады.

Студенттер арасында туберкулезбен ауыратындар саны жоғары екенін айта кеткен жөн. Дұрыс тамақтанбау, тиімсіз күн тәртібі, оқу бағдарламасының ауырлығы, тұрмыстың нашарлығы, жағымсыз әдеттер, ұйқының жетіспеушілігі, созылмалы эмоционалды стресс осы аурудың дамуына алып келеді.

Туберкулез – туберкулез микобактерияларының, яғни Кох таяқшасының адам ағзасына түскенінде дамиды қауіпті жұқпалы ауру (туберкулездің қоздырғышы 1882 жылы неміс ғалымы Роберт Кохпен ашылған).

Туберкулез микобактериялары қоршаған ортаға өте бейімді, олар қышқылды-спирттілікті тұрақты, ұзақ уақытқа өміршеңдігін жоймайды.

Жұқпаның негізгі көзі ауру адам және де кей жағдайда ірі қара мал (сиыр) бола алады. Жұқпалы ауру жиі (95%) белсенді формалы туберкулезі бар ауру адамнан ауа тамшылары (ауадағы шаң) тыныс жолдары (аэрогенді) арқылы беріледі. Ал кейде туберкулезбен ауыратын сиыр сүтін қайнатпай пайдаланған жағдайда алиментарлы жолмен жұғады.

Өңгімелескен кезде, жөтелгенде, түшкіргенде микобактериялар ауаға шығып, ауа арқылы адамдарға сіңеді. Тәулік ішінде ашық формалы туберкулезбен ауыратын ауру 1 млрд. микроорганизмге дейін бөліп шығарады. Осындай ауру адам ұзақ уақыт бойы желдетілмеген бөлмеде болса, онда ауадағы бактериялар өте көбейіп, айналадағы адамдар жұта бастайды. Имунитеті жоғары адам туберкулездің микобактерияларын жұта отырып, ауырмайды десе де болады, тек қана ауру жұғады. Себебі, иммунды жүйе оны аурудың дамуынан сақтайды. Инфекция ағзада болғанымен, ауа барлық адамдарға ортақ болғандықтан, айналадағы адамдарға жұғады.

Туберкулез микобактерияларын тасымалдаушылардың оннан бірінде ертелі-кеш «ұйқыдағы» инфекция белсенді кезеңге өтеді, яғни, ауру дамиды. Бұған әкеп соқтыратын негізгі факторлар уақтылы, толыққанды тамақтанбау, авитаминоз, өмірдегі тұрақсыздық, дұрыс орнықтау, тұратын жердің қанағаттанарлықсыз жағдайы, жиі стресс, созылмалы аурулар, қант диабетінің, ПИЖС (СПИД), алкогольизм мен есірткінің салдарынан имунитеттің төмендеуі болып табылады.

Белсенді туберкулезбен ауыратын 1 ауру 1 жыл ішінде ауруды 10-15 адамға жұқтырады. Ауру негізінен желдетілмейтін тар бөлмелерде тез жұғады. Сондықтан да аурудың алдын алудың басты әдістерінің бірі бөлмені жиі желдетіп тұру болып табылады.

Туберкулездің жұғуы ауа тамшылары арқылы жұғатындықтан, процесс ең алдымен өкпеден (90%) басталып, түрлі мүшелерді зақымдайды. Өкпеден тыс көбіне сүйектерге, зәр шығару жүйесіне, перифериялық лимфа бездеріне жұғады.

Ауруды қоздырғышы ауамен берілетіндіктен және де көзге көрінбейтіндіктен, туберкулез ауруы тез жұғады. Алайда туберкулездің белгілерін ерте анықтап, уақытында дәрігерге көрінуге болады.

Көп жағдайда ауру біртіндеп басталып, клиникалық көріністері процестің қарқындылығына байланысты өсіп отырады. Ауруды ерте анықтау үшін, туберкулезге ұқсас белгілер пайда бола бастағанда дер кезінде дәрігерге қаралу керек.

Әр адам туберкулездің белгілерін білу керек!

- Туберкулездің негізгі белгілері:
- 2 аптадан артық жөтелу
- қан түкіру
- жалпы әлсіздік
- тәбет пен салмақтың төмендеуі
- ара-тұра дене температурасының көтерілуі
- тершеңдік
- кеуде тұсына ауырсыну
- демнің жетіспеуі

Аурудың алдын-алуға оны дер кезінде анықтау үлкен рөл атқарады.

Қазіргі таңдағы туберкулезді анықтаудың тиімді әдістері:

- Бактериоскопиялық әдіс
- Флюорография
- Балаларға жасалатын Манту сына-масы

Жөтелге шағымданған кезде микроскоп арқылы ауру адамның қақырығын зерттейді. Аурудың белгілері көрініс тапқан кездің өзінде ауру адам дәрігерге көрінбейді. Сондықтан да, флюорографиядан өтуден қашпау керек.

Жыл сайын қоршаған ортаға қауіпті жұқпалы ауруларды анықтауға мүмкіндік беру – бұл әдістің артықшылығы болып табылады. Манту сынамасын аурудың жұққандығын және ауруды анықтау үшін «қауіп-қатер» тобындағы балаларға салады.

Туберкулездің спецификалық алдын-алу БЦЖ вакцинасы перзентханада баланың 1-4 күндерінде енгізіледі. Келесі ревакцинация 6-7 жаста жасалады. Бұлар өз кезегінде аурудың дамуы мен туберкулездің асқинуы мен таралуын тежейді.

Уақтылы анықталып, дер кезінде емдеу басталғанда туберкулез емделетіндігін есте сақтаған жөн. Әйтпегенде, кеш анықталса, өлімге әкеп соқтыруы да әбден мүмкін.

1998 жылдан бастап туберкулезге қарсы күрес Елбасының Жарлығымен біздің республикада жалпы мемлекеттік мәні бар міндетке айналды.

Туберкулез ауруын емдеу – тегін, кешенді, стационарларда 2-4 ай көлемінде жүргізіліп, кейін стационарларда немесе қатаң бақыланатын емханаларда емделеді. Емдеу үшін ең маңыздысы – туберкулезге қарсы препараттарды жүйелі үзіліссіз қабылдау, толыққанды тамақтану тәртібін сақтау керек. Туберкулезбен ауырған адам міндетті түрде туберкулезге қарсы мекемелерде емделуі тиіс. Өзін-өзі емдеу немесе емшілерге барып емделу ауруды табудың жолын кешіктіреді. Оның әсерінен емдеу ұзаққа созылады, жақындарына жұғады, тіпті, аурудың қайғылы аяқталуына әкеп соғуы мүмкін. Туберкулез микобактерияларын жоюдың ең маңызды жолы – үздіксіз емдеу жолы. Қадағаланбаған, дәріні ретсіз қабылдау, туберкулез микобактериялары туберкулезге қарсы препараттарға бейімделіп, емделуі өте қиын әрі көп уақытты қажет ететін, қоғам денсаулығына қауіпті болып табылатын мультирезистентті туберкулез дами түседі.

Осылайша, туберкулез – әлемде ең көп таралған жұқпалы аурудың бірі. Туберкулезді жұқтыру қаупі өте жоғары. Сау адамдар туберкулез олардың проблемасы емес деп санамауы керек. Себебі, туберкулез – біздің қоғамның проблемасы. Сондықтан, әр адам күнделікті өмірде туберкулездің алдын алу мәселелерін білсе туберкулездің өсуі мен таралуын тоқтату мүмкін болады.

Өзінді қауіптен сақтау үшін міндетті түрде жылына 1 рет флюорографиялық тексерулерден өту қажет. Бұл тексеру ауруды дер кезінде анықтауға және де емді уақтылы бастауға мүмкіндік береді. Аурудың белгілері анықталғаннан соң дәрігерге қаралып, са-лауатты өмір салтын ұстану қажет.

Е.О.Ильясов,
Облыстық ересектерге арналған
туберкулезге қарсы Шалхия
шипажайының бас дәрігері.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕГІ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ ЖАЛҒАСУДА

Аудан әкімі аппараты бекіткен кестесіне сәйкес елді мекендердегі дәрігерлік амбулаториялардың аға дәрігерлері ақпан айының басынан бастап тұрғындар алдында есеп беруде. Осындай есеп беру кездесулері 29-ақпан мен 3-наурыз аралығында Бесарық, Талап, Өзгент, Қырқеңсе, Жаңарық, Келінтөбе елді мекендерінде жалғасын тапты. Ұйымдастырылып жатқан кездесулерде дәрігерлік амбулаториялардың аға дәрігері 2015 жылы атқарған жұмыстары бойынша есеп беруде. Ауыл тұрғындарына денсаулық сақтау саласы бойынша есеп беріліп жатқан аталмыш жиындарға аудандық орталық аурухананың бас дәрігері С.Ысқақов, ауыл әкімдері, бас терапевт А.Қаратаева, бас бала дәрігері Ұ.Үрінбаева, бас акушер-гинеколог Г.Тұрлыбекова-лар қатысуда.

Елді мекендердегі есеп беру жиналыстарының барлығы ауыл әкімдерінің тікелей қатысуымен өткізілуде. Есеп беру жиналыстарын аудандық орталық аурухана бас дәрігері С.Ысқақов жүргізіп, Бесарық, Талап, Өзгент, Қырқеңсе, Жаңарық, Келінтөбе дәрігерлік амбулаториялары аға дәрігерлерінің хабарламалары тыңдалды. Сондай-ақ тұрғындар тарапынан айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстарға жауап берілді. Бесарық ауылы бойынша дәріхана ашу жөнінен ұсыныс түссе, Талап ауылының тұрғыны жедел жәрдем автокөлігінің тозығы жетуін мәселе етіп қойды. Жаңарық және Өзгент елді мекендерінде болған кездесулер барысында тұрғындар тарапынан жаңадан дәрігерлік амбулатория ғимаратын салу мәселесі көтерілді. Қырқеңсе ауылы бойынша ауылдарға жас маман дәрігерлерді тарту жөнінде ұсыныс-пікірлер айтыл-

ды. Ал Келінтөбе ауылының тұрғыны денсаулық саласындағы айтылған кемшіліктерді болдырмау мақсатында жұмыс жасау қажеттілігін алға тартты. Аудандық орталық аурухана бас дәрігері С.Ысқақов барлық елді мекендер бойынша жоғарыда айтылған ұсыныстар мен қойылған сұрақтарға қатысты ойларын ортаға сала келе, ана мен бала денсаулығын қорғау, алғашқы медико-санитарлық көмекті жетілдіру, халықты қолжетімді медицинамен қамтамасыз ету, профилактикалық медицинаны дамыту, басқа да салалық мәселелерге байланысты соңғы жыл-



дары атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті. Елді мекендер бойынша жинақталған ұсыныстарға байланысты іс-шаралар жоспары бекітіліп, нақты тапсырмалар беріліп, жауапты мамандарға міндеттелді.

Баспасөз қызметі

АЛҒЫС АЙТЫЛДЫ



Елбасы Жарлығымен 1 наурыз - Алғыс айту күні болып жарияланды. Еліміздің барлық өңірлерінде аталмыш күнді атап өту мақсатында түрлі форматта мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Аудандық орталық аурухана ұжымы да бұл күнді өз деңгейінде атап өтті. Әуелі мекемеде жұмыс жасайтын мүмкіндігі шектеулі 4 сала қызметкерлері мен мекеме қамқорлығына алынған 1 зейнеткерге қаржылай көмек көрсетілді. Онан кейін Алғыс айту күнімен көпшілікті құттықтаған бас дәрігер С.Ысқақов денсаулық саласында жұмыс жасап кеткен аға буын өкілдеріне алғысын жеткізе келе, еңбек етіп жүрген 17 қызметкерге Алғыс хаттар табыс етті. 2 наурыз күні бас дәрігер С.Ысқақов пен кәсіподақ ұйымының төрағасы С.Сыздықов, бас бала дәрігері Ұ.Үрінбаевалар аудандық перзентханада Алғыс айту күні дүниеге саби әкелген Бірлік ауылының тұрғыны Ләйла Серікбаеваны құттықтап шықты.

БАЙҚАУДАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастыруымен облыс орталығында «Туберкулездің алдын алу» тақырыбында сайыс болып өтті. Аталмыш сайысқа облысымыздың барлық аудандарынан үміткерлер қатысып, бақтарын сынады. Сайысқа аудан атынан қатысқан аудандық емхананың аймақтық дәрігер

терапевті Нұрберген Бөлеков біліктілігімен көзге түсіп, жүлделі 3-орынды иеленіп қайтты. Алдағы уақытта да халық денсаулығын жақсарту жолында аянбай тер төгіп, биік белестерді бағындыра бер демекпіз! Жарайсың, НҰРБЕРГЕН!

Баспасөз қызметі.

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Әлем мемлекеттерінің барлығын алаңдатып отырған қауіпті аурулардың бірі – туберкулез. Туберкулез - адам ағзасына туберкулез таяқшаларының енуінен пайда болатын жұқпалы ауру. Туберкулез таяқшалары ауа арқылы тез тарап, оны жұқтырып алған адамдардың өкпесінде өсіп жетіле бастайды. Алғашқыда өкпе тіні қабынып, содан кейін ыдырайды да, орнында қуыстар пайда болады. Осындай қуыстарда сақталған миллиондаған туберкулез таяқшалары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде қоршаған ортаға шашырап тарайды. Егер туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адам ұзақ уақыт нашар желдетілетін орында (пәтер, жұмыс орны, аурухана, абақты, көлік) болса, сол жердің ауасына туберкулез таяқшалары соншама көп тарап, басқа да адамдардың тыныс ағзаларына түседі. Туберкулез негізінде осындай жолмен жұғады. Мұны ауа арқылы жұғу деп атайды. Туберкулез кез келген адамға жұғуы мүмкін, әсіресе балалар мен егде жастағылар үшін өте қауіпті. Ал егер туберкулезбен ауыратын адаммен жақын қарым-қатынас жиі әрі ұзақ болса, ауруды жұқтырып алу қаупі де жоғары болады. Туберкулез таяқшалары ауа арқылы жұққаннан кейін өкпеде, не басқа ағзаларға орнығады да сыртында тығыз қабық пайда болады. Осы қабық арқылы туберкулез таяқшалары сау тіндерден бөлініп оқшауланады. Бұл жағдайды туберкулездің жұғуы (инфекцилану) дейді. Туберкулезді жұқтырған адамдардың 90-95% -ы бұл аурумен ешқашан ауырмайды. Ал жұқтырғандардың қалған 5-10 % -ның бойында туберкулез таяқшалары өз уақытын күтіп тынығып жатады. Адам әлсіреп, түрлі се-

бептермен ағзаның қорғаныш күші азая бастаса, туберкулез таяқшалары белсенділік танытып, аталмыш аурудың қозуына себепші болады. Егер ағзаның қорғаныш күші мықты болса, ауру адаммен жақын қарым қатынасы сирек болса, ағзаның жасушалары өкпеге түскен туберкулез таяқшаларын жойып жібереді де туберкулездің жұғуын мүлдем болдырмайды. Бүгінде туберкулезбен ауырғандардың 50 пайызы кешігіп анықталуда, ал олардың 10 пайызы ауруын асқындырып алғандар. Өкпе тіні туберкулез таяқшасының өсіп-өнуіне ең қолайлы орта. Алғашқыда өкпе қабынып, онда туберкулез бұдырлары пайда болады. Сонымен аталмыш бұдырлар іріңдейді де, ірің қақырық түрінде кеңірдек, қолқа арқылы сыртқа бөлініп шығады. Кішкентай туберкулез бұдырлары ауру асқынған сайын өзара бірігіп үлкейіп, өкпеге жайылып, қабынған ошақтарды ұлғайтып жібереді, тіпті бүкіл өкпеге тарап, тінді ыдыратып, үлкен қуыстардың пайда болуына әкеледі. Туберкулез ауруы басталғанда үш аптадан артық жөтелу, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, кеуде тұстың ауруы, тәбеттің, салмақтың, жұмысқа деген қабілеттің төмендеуі сияқты алғашқы белгілері байқала бастайды. Онан әрі бұл белгілердің бәрі үдеп күшейе түссе, науқастың қан түкіруі де мүмкін. Жөтел туберкулезге тән ең алғашқы белгілерінің бірі. Егер жөтел екі аптаға созылса, міндетті түрде медициналық мекемеге барып, дәрігерге қаралып, тексерілу керек. Бүгінде бұл ауруды анықтау, емдеу жұмыстары дұрыс ұйымдастырылып, қадағалау арқылы емі үзіліссіз жүргізілсе туберкулезден толықтай айығып кетуге болады.

ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ !

Құрметті оқырман қауым, аудан орталығының тұрғындары! Медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету және медициналық қызмет сапасын арттыру, сондай-ақ қажет болған жағдайда пациенттердің медицина қызметкерлерімен жедел байланысуына мүмкіндіктер беру мақсатында тұрғындарға аймақтар бойынша жауапты қызметкерлер бекітілген. Әр аймаққа 1 тәжірибелі дәрігер және 3 орта буын медицина қызметкерлері бөлінген. Бұл қызметкерлер өз кезегінде тұрғындарды бекітілген халық тіркелімі (РПН) порталына енгізумен де айналысады. Себебі тұрғындар бекітілген аймақтарына тіркелмеген жағдайда медициналық қызмет көрсету барысында едәуір қиындықтар туындайды. Екіншіден, бұл қызметкерлер әрбір отбасындағы жаңа туған нәрестелерден бастап егде жастағы қарт кісілердің бүкіл жағдайын жіті бақылауға алады. Сондықтан қай аймаққа қандай қызметкер бекітілгендігін және онымен қалай байланысуға болатынын төмендегі кестелерден біле аласыз.

№1 Жалпы дәрігерлік тәжірибе бөлімі					
аймақ №	Дәрігер	№1 бөлме м/б	№2 м/б патронаж	№3 м/б патронаж	көше аттары
№1 - 29	Абдуллина Макпал	Батырбек Гүлзат	Аусалбекова Нұрғайғұз	Болдыкова Гүлмайраш	
№38 бөлме					Махамбет
ұялы.тел	87029337922	87781911303	87751786311	87029324839	Санатория
					Түйменұлы
					Әлімқол
					Аманкелді
					Вокзал
					Қазарма
№2-30	Жапеннова Жанар		Абдиганшарова Аяужан	Сұлтанбаева Гүлзарижа	көше аттары
№39 бөлме					Ы.Алтынсарин
ұялы.тел	87075076885	87477014045	87789985778	87018978492	М.Нарымбетов
					А.Налибаев
					Б.Аралбаев
					Қорғантағай
					А.Шаухаманов
№3-31	Бөлеков Нұрберген	Айнахожаева Жанар	Құрманбекова Гүлзина	Батырханова Балсара	көше аттары
№ 41 бөлме					Қорған
ұялы.тел	87751068887	87471232763	87478240345	87026524241	А.Жанпейсов
					Мусаханов
					Ақмешіт
№4-32	Шаменов Салтанат	Жақасева Гүлнұз	Бексенова Ділія	Кембизова Гулнар	көше аттары
№34 бөлме					Жеңіс
ұялы.тел	87782620431	87756237081	87785596651	87754671970	Достық
					Бостандық
					Ә.Мажитов
					Б.Байқоңғасов
					Илькелдінов
					А.Асанов
					Ығар
№5-33	Абраймова Жулдызай	Ибадуллаев Нарман	Мамасева Ақмарал	Егенов Бағлан	көше аттары
№40 бөлме					Ш.Уалиханов
ұялы.тел	87751271447	87753903838	87021227069	87018405648	М.Кокенов
					А.Нахитов
					К.Сейтмбетов
№6-34	Алиева Агерес	Тажикұлова Бақтыгүл	Жусипова Гүлнұр	Ордабекова Шарипа	көше аттары
№35 бөлме					С.Қожанов
ұялы.тел	87784264976	87026474790	87753516615	87756069101	М.Жаппаров
					Алтыраңт
					А.Пахаринов
					Ынтымақ без №
№7-35	Ергембаева Нұрғұл	Усайын Жансия	Түркменбаева Айгүл	Ерейсин Эльмира	көше аттары
№37 бөлме					Әлшекей
ұялы.тел	87757477288	87077082895	87021303286	87024296616	Сапарбеков

№2 Жалпы дәрігерлік тәжірибе бөлімі					
аймақ №	Дәрігер	№1 бөлме м/б	№2 м/б	№3 м/б патронаж	көше аттары
№8	Ахметова Гүлжан	Мамуова Жұдыз	Искакова Динара	Қанайбекова Қаламқас	
ұялы.тел		87025876268	87023477084	87026051023	Май бекеті
					Түршеков
					Шонабаев
					№125 мектеп
№9	Искакова Жансия	Маликова Динара	Қамалова Нұрбира	Тоймова Болдырыз	көше аттары
ұялы.тел		87754739489	87757571714	87018978252	Қорасан-ата
					Абай так
№10	Шалтаева Айжан	Қалдыбек Айдыр	Жұмабаева Макпал		көше аттары
ұялы.тел		87014380042	87027603978	87029321529	Молдағұлова
					Абай жұп
					Онғарбай
					М.Әуезов
					А.Сүлеймен
№11		Түрежанов Нұрсейіт	Бекболат Айгерім	Өшірбекова Ділахан	көше аттары
ұялы.тел		87025999887	87757897678	87015849421	Құрманғазы
					Т.Бигелдинов
					Б.Майлин
					Болашақ
№12	Абаева Айгүл	Болықов Самат	Абдуллаева Гүлзайна	Асылбекова Аяғөз	көше аттары
ұялы.тел		87783237505	87759521811	87023839494	Мадиев
					Қошқаров
					Байдүйсен
					Ордакент
№13	Қадирова Галия	Ольжанова Айзада	Умиралиева Асима	Оспанова Ақтолыған	көше аттары
ұялы.тел		87756259198	87753245883	87027679491	Аблахов
					Алдамжар
					Саяжай
					Ипподром
№14		Дүйсенов Ержан	Қылырбаева Алтынай	Оспанова Алтынай	көше аттары
ұялы.тел		87024542198	87781009086	87014194987	Аюнов
					Сығанақ
					Файзуллаев
					Тотаев
					Өркендеу
					Сапарбаев
					Искендіров
					Раушан
					Есболғанов
					Қоңқабаев
					Молдалиев

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы - зоонозды табиғи-ошақты жұқпалы ауру. Аурудың негізгі табиғаттағы резервуары мен оның көзі кенелер болып табылады. Вирустың уақытша резервуары - жануарлар. Аурудың жұғу механизмі – трансмиссивті, кененің шағуы арқылы жүреді. Сонымен бірге науқастың қанын жалаң қолмен ұстағанда, науқасқа күтім жасағанда (аэрогенді), лабораториялық жағдайда және ауруханада науқасқа ем жүргізу кезінде медицина мамандарына жұғу қауіптілігі жоғары болады. Аурудың ошақтары көбіне жылы климатта және шөл, далалы ландшафттар болып табылады. Аурудың жұғу көрсеткіші көктемгі-жазғы айларда жоғары болады, ал кейде тасымалдаушылардың белсенділігі кеш, күз айларында да қайталанатын. Аурудың инкубациялық кезеңдері 2-14 күн, орташа 3-5 күн. Ауру кезеңді түрде өтеді. Алғашқы кезең 3-4 күнге созылады. Ауру жедел басталады. Дене қызуы тез арада жоғары деңгейге жетеді. Кейде қатты қалтырау болады. Қызба орташа 7-8 күнге жетеді. Қызбамен бірге миалгия, артралгия, басының қатты ауыруы, кейде ішінің, бел аймағының ауырсынуы болады. Қан қысымы төмендейді, тамыр соғысы дене температурасына жиі сәйкес келеді. Аурудың шарықтау кезеңінде геморрагиялық белгілер пайда болады. Бұл кезең 2-6 күнге созылады. 1-2 күннен кейін дене қызуы қайтадан көтеріліп, тромбогеморрагиялық белгілер дамиды. Бұл аурудың ауырлығын және болжамын анықтайды. Науқастың денесінде геморрагиялық бөртпелер, қан құйылулар, инъекция жасаған жерде гематомалар пайда болады. Сонымен бірге мұрыннан, құлақтан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан, ішekten қан кету байқалады. Бұл кезде науқастың жағдайы нашарлайды, интоксикация белгілері күшейеді. Объективті қарағанда науқастың терісі бозғылт, акроцианоз байқалады. Қан қысымы төмендеп, тамыр соғысы жиілейді. Сандырақтаудың болуы мүмкін. Науқастардың 10-25 %-да менингалды симптомдар дамиды. Құрыспалар пайда болып науқаста кома қалыптасады. Зәр тал-

дауында микрогематурия, гипоизостенурия, азотемия байқалады. Кейбір науқастарда асқынатын пневмония, өкпе ісігі, тромбофлебит, жедел бүйрек жетіспеушілігі, шок дамиды. Қанда лейкопения, гипохромды, анемия, тромбоцитопения болады. Дер кезінде науқас дәрігерге қаралып, дұрыс ем қабылдаса, науқас жазылуға бет бұрады. Бұл кезең 1-2 айға созылады. Кейбір науқастардың еңбекке жарамдылығы 1-2 жылда қалыптасады. Ауырлық дәрежесі бойынша аурудың жеңіл, орташа және ауыр түрлері ажыратылады.


Адамдар арасында ауруды болдырмау үшін, табиғат аясында демалуға барғаннан кейін міндетті түрде өзі немесе қасындағы адамдар өзара үсттерінде кененің бар-жоғын тексеру керек. Репелент (иісінен кенелер қашатын крем, майлар) қолдану қажет. Елді мекендерде қоқыстар мен мал қораларындағы ескі көңдерді азайтып, кенелердің өсіп-өнуіне, мекендеуіне жол бермеу қажет. Малға жабысқан кенелерді дер кезінде жою аурудың алдын алудың алғашқы шараларының бірі. Кенелер көбейетін жерлерді (мал қораларын, малшылар тұратын үйлерді) арнайы улы препараттармен дәрілеп отыру керек. Кене орман мен дала аймақтарында жұмыс істегенде ерекше сақтық жасап, арнайы комбинезон секілді денені түгел жауып тұратын киім, аяққа керзі етігін киген жөн. Орманға, тауға серуендеуге шыққанда дем алатын орынды күн сәулесі мол түскен жерден таңдау ыңғайлы. Күн сәулесі мол түсетін күншуақ жерлерде кене аз болады. Кешке үйге оралғаннан кейін (мүмкіншілік болса саяхат кезінде 2-3 рет) сырт киімді сыртқа шешіп, сілкілеп, өз дененің кене жабысады-ау деген жерлерін қараңыз. Жабысқан кенені абайлап, ептілік сақтап алып тастаған дұрыс. Ол үшін кененің үстіне бірнеше



ақ сыртқа шығады. Оны пинцетпен алып, орнын спиртпен немесе йодпен сүртеді. Аурудың белгілері анықтала қалған жағдайда дер кезінде дәрігерге қаралған жөн. Кене шаққан адам екі апта шамасындай дәрігердің бақылауында болғаны дұрыс.

**Аудандық емхананың
дәрігер эпидемиологы
Айдана Тұрлыбекова.**

ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНАН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!



Жылдың ыстық мезгілі басталуымен жіті ішек инфекциялары мен тағамнан улану жағдайларының болуы мүмкіндігі де өседі. Салмандар, дизентерия, стафилококтық токсикоинфекция, колиэнтериттер энтеровирустық инфекциялар сияқты аурулардың қоздырыштары адам ағзасына ауыз арқылы өтіп, адам ішегінде көбейеді. Ауру негізінен тағам арқылы, су және тұрмыстық заттар арқылы беріледі. Жіті ішек инфекцияларымен тағамнан уланулар азық-түлік өнімдерін дұрыс сақтамағанда, дұрыс пісірілген жағдайларда, потагенді микроорганизмдермен залалданған тағам өнімдерін пайдаланғанда пайда болуы мүмкін. Әсіресе, сүт және кондитер өнімдеріне, жұмыртқаға, құс өнімдері мен жемістерді пайдаланғанда сақ болған жөн. Сонымен бірге тамаққа термиялық өңдеусіз қолданылатын азық-түліктер қауіп төндіреді. Ондай тағамдарда микро-

организмдер ұзақ сақталып қана қоймай, сонымен қатар жақсы көбейеді. Тағамнан улануларды болдырмау үшін тағамды сақтау мен даярлау барысында тамақтану гигиенасының қарапайым ережелерін ұстану қажет, яғни жеке бас гигиенасын ұстану, әсіресе қоғамдық орындардан келген соң көлік және әжетханадан кейін қолды міндетті түрде жуу қажет. Ас үй ыдыстарын, таралғылар, үстелдер беті мен раковина, жабдықтарды арнайы тазартқыш заттармен жуу және тазалықта ұстаған жөн. Тамаққа қолданылатын азық-түліктердің сапалы болуына баса мән беріңіз. Жаңа және дайын тағам өнімдерін бөліп кесуде, әрқайсысына бөлек пышақ пен бөлу тақтайлары қолданылуы қажет. Сондай-ақ тоңазытқышта азық-түліктерді сақтағанда сақтау мерзімдерін ескерген жөн. Микроорганизмдердің көбеюіне ыңғайлы орта болып табылатын сүт және кондитер өнімдеріне ерекше көңіл бөлген дұрыс. Жемістерді, бау-бақша дақылдары мен көкөністерді пайдаланбай тұрып мұқият тазалап жуыңыз. Жол бойы, стихиялық базарлар сияқты тиым салынған жерлерден азық-түліктерді алмаған дұрыс. Әрбір адам дұрыс тамақтанудың, сонымен бірге тамақтану гигиенасының негізгі принциптерін білуі тиіс. Медициналық статистика мәліметтеріне жүгінісек, токсикоинфекция жағдайларының көпшілігі тұрмыста тағам өнімдерін сақтау мен дайындау ережелеріне зейінсіз қарау себебінен туындайды. Тамақтану гигиенасы мен тағамнан уланулардың алдын-алу шараларын ұстану ауыр ауруларды болдырмаудың бірден бір жолы екендігін назардан шығармауға тиіспіз.

Қорыта келе айтқанда, жоғарыда аталған алдын алу шараларын жүзеге асыру, көбіне тұрғындардың саналылығына, сауаттылығы мен тәртіптілігіне байланысты. Сондықтан қарапайым гигиеналық ережелерді ұстану арқылы ішек инфекцияларынан қорғанып, олардың таралуына жол бермеуге болады.

Ең бастысы, «ауруды емдегеннен көрі, оны болдырмау оңай!» деген сөзді ұмытпағанымыз жөн.

**А. Махамбетова,
жұқпалы аурулар бөлмесінің дәрігері.**

БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Ботулизм - тағамнан улану. Ол - көбінде өлімге әкеліп соғатын, уланудың ауыр түрі. Бұл ауру тағам құрамында асқазан сөліне төзімді улы токсиннің болуымен маңызды. Қоздырғыш анаэробты жағдайда тіршілік етеді, яғни өмір сүру ортасында оттегі болмауы керек. Микроорганизм бөліп шығаратын токсин эпидемиологиялық маңызды болып табылады, айта кету керек, бірақ, тағамның дәмі, сыртқы түрі ешбір өзгеріске ұшырамайды, тек өте сирек кездесетін белгі - газ бөлінуіне байланысты қапқақтың көтерілуі. Азғаға түскен токсиндер жүйке жасушаларына барып тұрып қалғаннан соң, ағзадан бөлініп шықпайды, бұл тыныс алу және жүрек жұмысының жеткіліксіздігінен өлімге әкеліп соғады. Аурудың ерте белгілеріне аз уақыт ішінде байқалатын гастроэнтерит симптомдары жатады (жүректің айнуы, құсу, бас ауру), бара-бара бұл ботулизм ауруына тән жүйке жүйесінің жұмысының бұзылу белгілеріне ауысады (көз еттерінің жанысқандығы, қарашығының үлкеюі, заттарды екеуден көру - диплопия, жарыққа реакцияның болмауы, таңдай еттерінің, тамақтың, кеңірдектің жанысқандығы, сөйлеудің афонияға дейін бұзылуы, жұту және шайнау актілерінің бұзылуы және т.б.). Өткен жылы аудан бойынша ботулизммен ауырған 4 науқас емделсе, жыл басынан бері тағы 1 науқас анықталды. Сондықтан адам өмірі үшін аса қауіпті болып саналатын ботулизмнің алдын алу мақсатында төмендегі мәселелерге назар аударыңыз:

- көшеден үй жағдайында дайындалған консервіленген, қақталған тағамдарды сатып алмаңыз;
- консервіленген тағамдарды жеудің алдында оның сақталу мерзіміне, сатылу мерзіміне және



қапқақтың көтерілуінің (бомбаждың) бар немесе жоқтығына назар аударыңыз;

- көкөністерді, жемістерді және саңырауқұлақтарды консервілеу кезінде оларды мұқият термиялық өңдеуден өткізіп, зарарсыздандыру тәртібін және жағдайын міндетті түрде

сақтау қажет;

- тағамнан улануға күдіктенген кезде міндетті түрде тез арада спецификалық ем алу үшін дәрігерге қаралу керек, өз-өзіңізді емдеумен айналысуға болмайды.

МАССАЖДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ


Қазіргі кезде ұлт денсаулығын нығайту барысында көптеген сауықтыру бағдарламалары жұмыс жасауда. Солардың бірі және бірегейі – массаж. Массаж дегеніміз «жақындау», «сипалау» деген ұғымды білдіреді. Массаж халықтық медицинаның үлкен бір тарауы. Массаж денсаулық сақтау саласында кеңінен пайдаланылады, сондықтан емдеу әдістерінің ең негізгісі болып табылады. Массаж адам денесіне мөлшермен берілетін механикалық тітіркендіру. Массаждың адам ағзасына әсері өте зор. Массаж өкпедегі зат алмасуын үдетеді, тыныс алу үшін оның тереңдігін, жиілігін, өкпенің қимылын, тіпті кеуде қуысының дем алуға дұрыс қатынасуын реттеп, бір жүйеге түсіруге үлкен ықпал етеді. Сондай-ақ адам денесінде болып отыратын зат алмасулардың бәріне тікелей әсер етеді. Кейде суық кезде массаж денені жылыту үшін де жасалады. Массаждың әсерінен сіңірдің созылу икемділігі артады, буынның қозғалысы жақсарады, денедегі сұйық заттардың қозғалысы артады, шаршаған бұлшық еттер тез қалпына келеді.

Массаж аурудың сипатына қарай әр түрлі жасалады. Сондай-ақ таза ауада жаяу серуендеу, белгілі бір қашықтыққа жүгіру, сондай-ақ дене шынықтырумен айналысу адам денесін түрлі зақымданудан сақтауға көмектеседі. Әдетте массаж дененің ауырған бөлігі аумағына жасалады. Ол дененің биологиялық белсенді нүктелеріне әсер етеді, дәлірек айтсақ, жүйке жүйесінің терідегі ұштарына. Массажды жасағанда теріні қатпарландырмай, тартып, созып тұрып жасайды. Массаж жасағанда адам өзін жақсы және жайлы сезінуі қажет. Массаждың әсерінен ағзада айтарлықтай өзгерістер пайда бола бастайды. Массаж жасаған кезде терінің температурасы көтеріліп, оның электр өткізгіштік қабілеті жоғарылайды. Массажды әр түрлі ауруларды емдеуге, спортта тірек

қимыл жүйесі, буын зақымданған кезде немесе классикалық массаждың алдында денені босаңсытуға, биологиялық белсенді нүктелердің тиімділігін арттыруға пайдаланады.

Массажда түрлі тәсілдері қолданылады. Массаждың сипау, ысқылау, басу, дірілдету, қысып ұстау сияқты түрлі қолдану тәсілдері бар. Сипау бас бармақтың ұшымен де, іш жағымен, қырымен де, ортаңғы саусақтың ұшымен де жасалады. Көбінесе бас терісіне, бетке, мойынға, қолға осындай массаж тәсілдері қолданылады. Ысқылау бармақ пен ортаңғы саусақтың жұмсақ ұшымен орындалады. Оны алақанның білезік тірегіне қырымен ысқылап, белден жоғары мойынға дейін жеткізеді. Ысқылау сағат тілі бойымен солдан оңға қарай үйкей орындалады. Ысқылауды басқа нүктелі массаж тәсілдерінен кейін жеке орындайды. Жұмсарту екі қолдың бас бармақтарымен не екі саусақпен қатар жатқан нүктелерді басу арқылы жасалады. Бұл тәсілде бір орында саусақты батыра ұстап тұрып шыр айналдырады. Бастапқы кезде жеңіл, кейін түсіретін салмақты арттырып, сол нүкте сыздағанша басады, осыдан кейін сәл босаңсытып, қайтадан жеңілдетеді. Классикалық массажа жұмсарту тәсілінің алар орны ерекше. Ол ең күрделі және биологиялық белсенді нүктенің орналасқан жеріне мейлінше әсер етеді. Қысып ұстау (шымшу) үш саусақтың арасында қысып ұстау арқылы орындалады (бас бармақ, сүк, ортаңғы саусақтың ұштарымен). Биологиялық белсенді нүктенің орналасқан жерін қысып ұстап, өзгелейді. Мұнда орындалатын қимыл өте жылдам, әр жерден бір үзіліспен 3-4 рет қайталана орындалады. Дірілдету бас бармақ немесе ортаңғы саусақпен орындалады. Саусақтың ұштарын белгілі бір нүктеге қадап қойып, жылдам күшпен, дірілдете шайқайды. Оның салмағын арттыру үшін екінші қолды саусақтың үстіне қойып қозғалтады. Адамды тыныштандырып, көңілін орнына түсіру үшін теріні жиырмай, бір нүктеге саусақтың ұшын басып, біртіндеп үдететін күшпен айналдырады, сәл үзіліс жасап қайталайды. Мұндай тежеу әдісін әр түрлі буын ауруларында, бұлшық ет сіресіп түйіліп қалғанда, қатты ауырғанда, әсіресе кішкене сәбилерге қолданылады. Адамның еңсесін көтеріп, сергіту үшін қоздыру әдісін жылдам әрі қысқа жүргізеді (20-30 секунд). Оны ертеңгі дене шынықтыру алдында, күнделікті тіршілікте дайындық ретінде қолданған дұрыс. Массаждардың әсері қолдың түсірген күшіне, саусақтардың қойылуына және қысым қимылына тікелей байланысты. Әрі адамның сезімталдығына да үлкен әсер етеді. Арық, әлсіз адамдардың сезімталдығы жоғары болады, сондықтан оларға үстіртін массажды да шапқа, омырауға, қолтық астына және қан тамырлары шоғырланған жерге қолдануға болмайды. Массаж жасар алдында алақанды бір-біріне ысқылап, қыздырып алған жөн. Сонда қан айналысы жақсарып, қол жылынады. Ұйқы бузылғанда, бел шоғырланғанда нүктелі массажды жатарда жасаған жөн. Аурудың жедел түріне массажды күнде, ал созылмалы түріне күнәра, кейде екі күнде бір қайылдайды. Жалпы емдеу курсы 10-15 күнге созылады. Арасына 1-2 ай үзіліс жасап, тағы 5-10 күн қабылдауға болады. Массажды аурудың ерекшелігіне лайықтап жасайды. 20 минут жатып демалғаннан гөрі, 5 минут жақсы массаж жасаған әлде қайда тиімді. Массаж әлсіреген денеге әл береді, күш қосады, рахаттандырады. Жасалған массаж көмегімен адам денесінің қандай да бір бөлігін емдеуге болады. Себебі массаж барысында қолданылатын әдіс қауіпсіз. Массаж арқылы өзіңізге жақын адамдардың денсаулығын нығайтуға болатынын ұмытпаңыз. Ең бастысы массаждың үлкен емдік әсері бар екенін естен шығармаңыз. Олай болса, ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік!

**Аудандық
аурухананың жоғары
санатты үгу мейірбикесі
Хадиса Сүлейменова.**



**АЛТЫН АЛҚА,
КҮМІС АЛҚА
ИЕГЕРЛЕРІН
ҚАБЫЛДАДЫ**

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында аудандық орталық аурухана бас дәрігері С.Ысқақов мекемеде еңбек етіп жүрген Алтын алқа, күміс алқа иегерлері атанған он батыр ана-ны қабылдады. Бас дәрігер мерекелік дастарханға жиналған аналарды ұжым атынан құттықтап, аудандық аурухана бас дәрігері және кәсіподақ ұйымы атынан Алғыс хаттар мен сый-сияпаттар табыс етті. Салтанатты шараға қатысқан денсаулық саласы ардагерлері бастауыш ұйымының төрағасы Т.Аблаев пен бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары З.Тлепбаевалар мерекелік шараға қатысушыларға жүрек жарды жылы лебіздерін жеткізді. Өннен шашу шашылды. Мерекелік қабылдау салтанатына келіп, қуанышқа бөленген аналар да өздерінің ризашылық сезімдерін білдіріп жатты.

Баспасөз қызметі.

ҚАУІПТІ ДЕРТТЕН ҚОРҒАНА БІЛІҢІЗ!

Конго – Қырым геморрагиялық қызбасы ауруы иксод кенелері арқылы берілетін жедел вирустық табиғи ошақтық ауру. Бұл ауру дене температурасының көтерілуімен, қалшылдауымен және дененің кебуімен, интоксикациялық және геморрагиялық синдромдармен сипатталады. Иксод кенелері әдетте, көктем келіп, күннің жылынуымен үйқидан ояна бастайды. Бұл кенелер адам өміріне аса қауіпті келеді, яғни Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының тасымалдаушысы болып табылады. Дененің ашық бөліктеріне жабысқан кене қан сора бастайды. Осы мезгілде кененің сілекейімен бірге адам денесіне вирус беріледі. Ауру қоздырғышы вирусы ал жүзу көзі сиыр, қой, ешкі, қоян, кірпі, русак қояны, орман тышқандары және т.б. Бұл ауру өте жұқпалы болғандықтан ауру адам немесе малдың қанымен де берілуі мүмкін. Көп жағдайларда аурудың тіркелуі негізінен көктем-жаз айларында орын алады. Адам ашық аспан астында, табиғатта жүрген кезде кенелердің бірден-бір жабысу нысаны болып табылады. Сондықтан табиғат

аясында демалғанда, таза ауада серуендегенде алғашқы алдын алу шараларын сақтау керек. Дененің ашық жерлері мен киімдеріңізге кенені үркітетін репеленттерді шашу, жағу қажет. Ондай дәрілер дүкендерде молынан бар. Киім таңдауда киімдердің ашық әрі бір тектес түстеріне көңіл аударған да жөн, себебі жабысқан кенені тез аңғаруға септігін тиігеді. Қауіпсіздік шаралары үшін, дененің жалаңаш жерлерін жауып, жеңі ұзын көйлек киіп, оның етегін шалбарға, шалбардың балағын шұлыққа салып, міндетті түрде бас киім кию қажет. Сондай-ақ табиғатта болған әр сағат сайын міндетті түрде өзіңіздің және қасыңыздағы серігіңіздің үстінде кененің бар не жоқтығына көз жеткізіп тексеріп тұрғанның артықтығы жоқ. Серуеннен үйге қайтар уақытта сыртқы киімді шешіп қаққан жөн. Таза ауадан оралғаннан кейін үйде душ қабылдап, денені толық қарап шығыңыз. Кене үйге дала гүлдері не басқа өсімдіктермен де, сондай-ақ үй жануарларының жүндеріне жабысып келуі де мүмкін екенін ұмытпаңыз. Әсіресе,

мал қорада, мал қырқымы кезінде жұмыс істегенде сақтық шараларына барынша мән беруге тырысыңыз. Кене шаққан уақытта оны қолмен өзіңіз жұлып алып тастауға тырыспаңыз, медициналық көмекке жүгініңіз, ол жерде сізге алдын алу шараларын жүргізіп, көмек рәсіммен қатар, не істеу керектігін де ескертеді. Кене шаққан адамдар міндетті түрде екі жеті бойы емдеу мекемесінде диспансерлік бақылауда болуы тиіс. Осы талаптардың орындалуы ҚҚТҚ ауруларының қауіптілігін төмендетеді. Қазақстанда осы ауру бойынша эндемиялық аумақ болып Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары тіркелген. Сондықтан қашан, қайда жүрсеңіз де, жоғарыда айтылған сақтық шараларын естен шығармауға тырысыңыз.

**А. Махамбетова,
жұқпалы аурулар бөлмесінің
дәрігері.**

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ КӨМЕК

**Далаева Гүльнара
Қожакент дәрігерлік амбулатория-сының жоғары санатты фельдшері**

Күтпеген жерден немесе жазатайым орын алып жататын кез-келген оқыс оқиғалар кезінде зардап шеккендерге көрсетілетін алғашқы медициналық-санитарлық көмектің пайдасы аса зор екенін ұмытпауға тиіспіз. Өйткені дер кезінде көрсетілген алғашқы көмек оқыс оқиғаға ұшыраған адамның денсаулығын сақтауға, сондай-ақ оның жарақатының асқынуы кетпеуіне септігін тиігеді. Сондықтан денсаулық сақтау саласы бойынша алғашқы медико-санитарлық көмекті дамытуға үнемі баса мән беріледі. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамытуға байланысты 1978 жылы Алматы қаласында қабылданған арнайы Декларация шеңберінде денсаулық

сақтау саласының жетілдіруді қажет ететін негізгі мәселелері, отбасын жоспарлау, ана мен бала денсаулығын қорғау, аурудың алдын алу бағытындағы шаралар жете қолға алынған. Алғашқы медициналық-санитариялық көмекті жетілдіруге, негізгі жұқпалы ауруларға қарсы егу жұмыстарына, жергілікті эпидемиялық аурулар мен жарақаттарды емдеу мәселелеріне, негізгі дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету шараларына осы Декларацияда басымдық берілген. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек жөніндегі Декларациясында алғаш рет денсаулық – адам құқығының ажырамас бөлігі ретінде көрсетілген және оның сақталуына әлеуметтік қамтамасыз етуші мемлекеттік қызмет пен

азаматтық ашық қоғам жауапты екендігі айқын рәсімделген. Сондықтан бұл аталмыш Декларацияның жарыққа шығуы әлемнің барлық елдерінде үлкен жаңалық ретінде қабылданды және көптеген мемлекеттердің денсаулық сақтау жүйесінің түпкі негізіне айналды. Сәйкесінше миллиардтаған адамдарға ұзақ өмір сүру мүмкіндігін сыйлады.

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек дегеніміз - жекелеген тұлғалардың, отбасының және қауымның денсаулық сақтау жүйесімен алғашқы деңгейдегі қарым-қатынасы. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек халық денсаулығын жақсартудағы негізгі және алғашқы қадам болып табылады. Сондықтан медициналық-санитариялық көмек халық денсаулығын қорғау процесіндегі ең әуелгі кезең. Алғашқы медициналық-санитариялық қызметті жергілікті жерде орналасқан жедел медициналық жәрдем бөлімдері, дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, емханалар, амбулаториялық-емханалық қызметі бар мекемелер, ауруханалар, денсаулық орталықтары, дезинфекциялық орталықтар секілді медициналық бөлімдер көрсетеді. Қазіргі кезде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу тәртібі, дәрігерді үйге шақыру, сондай-ақ дәрігердің қабылдауына жазылу ережелері белгіленген. Республика аумағында тұрғындарды алғашқы медициналық-санитариялық ұйымдарға бекіту шарасы жүргізілді. Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларынан туындайтын міндеттерді іске асыру бағытында да кешенді шаралар жүргізіліп, ұлт денсаулығын нығайту мемлекеттік деңгейде іске асырылуда. Осы орайда стационарлық медициналық көмекке қарағанда алғашқы медициналық-санитариялық қызметті жетілдіру мен аурудың алдын алуға бағытталған шараларға басымдық беріледі. Өйткені, алғашқы медико-санитариялық көмек – ұлт саулығының ұзақ мерзімді стратегиясының жетекші буындарының бірі болып қала бермек.



АИТВ ТУРАЛЫ БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨН

АИТВ – инфекциясы білінбей өтетін ауыр ауру болып табылады. Вирус адам ағзасына ауыз қуысы сілекейлері, тері арқылы және инфекция жұқтырған адамдармен жеке гигиена заттарын бірге пайдаланған кезде тіс ысқыштар, ұстара, электро-ұстаралар және кесетін құралдар арқылы жұғады.

АИТВ инфекциясының жүзу жолдары:

* Қорғаныссыз жыныстық қатынас арқылы АИТВ жұқтырған нашақормен бірге тамыр арқылы есірткі тұтыну кезінде;

* АИТВ жұқтырған жүкті әйелдің ішіндегі ұрыққа немесе жүктілік кезінде сәбиіне жұғуы мүмкін;

* Татуировка, пирсинг, маникюр, педикюр жасату кезінде стерилденбеген құралдар пайдалану арқылы;

* Залалданған қауіпті қан және оның компоненттерін құю кезінде;

* Көз шырыштарына био-сұйықтықтарды шашу кезінде.

АИТВ инфекциясының алдын алу және қорғану тәсілдері:

* Тамыр арқылы есірткі қолданудан бас тартыңыз;

* Жыныстық қатынаста түсер кезде жеке қорғаныс үшін мүшеқап пайдаланыңыз;

* Инъекцияларды, татуировкаларды, пирсинг жасату сияқты шараларды арнайы мекемелерде жүргізіңіз;

* Күдік туған жағдайда дереу дәрігер көмегіне жүгініңіз.

Ең бастысы АИТВ статусы бойынша арнайы тексерулерден өтіп тұрған жөн. Аудан көлеміндегі аудандық ауруханаға қарасты барлық денсаулық сақтау саласы қызметкерлері АИТВ вирусына қарсы тексеруден өткізілуде, аудан тұрғындарына ақпараттық-танымдық түсіндіру шаралары жүргізілуде. Сондай-ақ мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып аудан мектептерінде «АИТВ-қауіпті дерт!», «АИТВ-дан сақтаныңыз!» тақырыптарында оқушылар арасында таным сағаттары ұйымдастырылуда. Аудан көлемінде АИТВ-ға қарсы айлық акция шаралары жүргізілуде.

**Облыстық салауатты өмір салтын
қалыптастыру орталығы
Жаңақорған аудандық бөлімшесінің
маманы Е.Бакиров.**

Денсаулық
ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

JANAKOR_MEDGAZETA@MAIL.RU

**БАС РЕДАКТОР
ЖАҚСЫЛЫҚ ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ
АБДУСАМЕТОВ.**

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ БАЙЛА-
НЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
КОМИТЕТІНІҢ №15081-Г КҮӘЛІГІ 28.01.2015
ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН.

МЕНШІК ИЕСІ:
«АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ-ЕМХАНАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІ БАР ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНДЫҚ
ОРТАЛЫҚ АРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК
(ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ)»

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-
ЖАЙЫ: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫ-
СЫ, ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ,
ЖАҢАҚОРҒАН КЕНТІ, М.КӨКЕНОВ
КӨШЕСІ №44. АУДАНДЫҚ ЕМХА-
НА ФИМАРАТЫ.

ТЕЛЕФОН/ФАКС:
8(724-35) 22-3-57.

ГАЗЕТ ЕМХАНАНЫҢ КОМПЬЮ-
ТЕР ОРТАЛЫҒЫНДА ТЕРІЛІП,
«PRINT» БАСПАХАНАСЫНДА БА-
СЫЛДЫ. ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ,
А.БАЙТҰРСЫНОВ КӨШЕСІ №49.